

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті.
Тарих факультеті.
Тарих және Дінтану кафедрасы**

17-19ғғ. Ресейдегі музейлер



Дайынжаған: Байкулова А.
Тексерген: Аликулова Н.







Ресейдің XVII ғасырдағы мәдени өмірінің басты ерекшеліктерінің бірі өнер адамдарының Мәскеуге шоғырлануы болды. Сондықтан да болар, елдің әр түкпірінен келген сәулетшілер, зергерлер, суретшілер және т. б. орыс халқының даңқты мәдениет мұраларының бірі Кремльдегі «Қару-жарақ палатасының» жұмыстарына белсене араласқан.





XIX ғ. ғылым тарихына, олардың жеке салаларына, ғылым мен техниканың, табиғат пен адамның өзара байланысына арналған музейлер пайда бола бастады. Сол кезеңде әлемде өндірістік және сауда қызметін реттеу мақсатында ғылыми жаңалықтарды көрсететін ұлттық және дүниежүзілік көрмелер ұйымдастырыла бастады. Әлемдегі музей саласындағы өзгерістер, жаңалықтар Ресей және Қазақстандағы музейлердің де қалыптасуына ықпал етті. Осы көрмелерді негізге ала отырып, ұлттық өндірістік көрмелер негізінде ғылым мен техника музейін құрудың Мәскеу политехникалық музейінің үлгісін де айтуға болады. Оны құруға мұрындық болған 1870 ж. Мәскеу университетінің жаратылыстану, антропология, этнография әуесқойлары қоғамы болды.



Ресейде ұйымдастырылған көрмеде қазақ халқының қолданбалы өнер, тұрмыс-салтын бейнелейтін құнды заттар да көрсетілді және бұл сол кездегі музей саласының даму сипатына сай жүрді.



ХІХ ғ. екінші жартысында Ресейдің Антропология және этнография музейіне Орталық Азия аудандарынан көптеп құнды жәдігерлер түседі. Соның бір мысалы ретінде сол кезеңдегі қазақ даласының тұрғындарының болашақ император ІІ Николайға Шығысқа саяхаты кезінде сыйлаған құнды заттар жинағын атауға болады. Аталған коллекцияның негізін қазақтардың әскери құрыштан құйылған балталары, қазақтың ел басқарған би, батырлары таққан тері белбеулер, ұзатылған қыздың сәукелелері, бақсының қобызы құрайды. Музей қорында қазақ, қырғыздардың киіз үйлері де бар.



Қазақстандағы музей ісі өлкетанудың дамуымен тығыз байланыста дамыды.

